

**6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия  
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
Кенебаев Аманкелди Тургамбековичтің  
«Жоңышқаның *M. sativa L.* және *M. varia Mart.* түрлеріне жататын  
тек қорының селекция мақсатына озық үлгілерін іріктеп алу»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

**Орындалған жұмыстың өзектілігін оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу;**

Мал дақылдарының арасынан өнімділігі мен құрамының құндылығы жөнінен жоңышқа ерекшеленді. Біріншіден, суармалы алқаптарда оның өнімділігі өте жоғары, 100-250 ц/га жетіп, әр гектардан протеинға салыстырғанда 3 тонна береді. Жоңышқаның басқада агротехникалық құндылығы егінші қауымға белгілі. Өнім көрсеткіштер деңгейі сортқада тығыз байланысты. Диссертацияда жаңа сорттар шығарудың алғашқы кезеңі-бастапқы коллекциялық материалдарды зерттеу, әр белгілері мен қасиеттері бойынша талдау және селекция үшін ұсыну - осы жұмыстың негізгі мақсаты. Селекцияда бұл өте қажетті іс-шаралардың бірі оны орындамай селекция жұмысын тиімді орындау мүмкін емес. Жұмыстың өзектілігі осы мақсатпен айқындалады.

**Докторант сүйенетін негізгі және ғылыми әдіснамалық ережелерді ашу;**

Докторант өз еңбектерінде селекциялық процесстерде пайдаланып келген әдістерді қолдану арқылы кең көлемдегі жоңышқа коллекциясын зерттеуден өткізген. Жалпы зерттеу жұмыстары егіншілікте аса құнды болып есептелінетін жоңышқа дақылының 2 түріне жататын (*M. Sativa L.* және *M. varia Mart.*) - 134 үлгілерін қамтиды. Коллекциялық үлгілер селекция үшін қажетті белгілер атап айтқанда орым мезгілі, өсімдік биіктігі, түпетенуі, жапырақтылығы, кейбір морфологиялық белгілері және олардың өзара корреляциялық байланысы есептелінді. Сонымен қатар жоңышқаның генеративті мүшелерінің дамуы, ұрықтанудағы өзін-өзі тозаңдандыру, айқас тозаңдану мәселелері талданып, тұқым өнімділігі олардың құндылығы жайында ғылыми мәліметтер алынды.

**Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі;**

Диссертацияда қол жеткізілген мәліметтерді селекция қажеттілігі үшін маңызды. Жоғары өнімді сорт үлгілер және олардың сипаттамасы айқындалып, ұсыныстар енгізілді.

Диссертация құндылығы жағынан және мазмұндық жағынан бір тұтас ғылыми еңбекке жатады. Ішкі байланысы сақталған, әр бөлім бірін-бірі өзара толықтырып отырады.

**Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы;**

Диссертация кіріспеден және негізгі бөлімнен, қортындыдан, өндіріске ұсыныстан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады.

Негізгі бөлім 7 тарауға жіктелген. Диссертацияның жалпы көлемі – 132 бет, оның ішінде 25 кесте және 28 сурет, пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 162, оның ішінде 70 шет ел басылымдары.

**Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі;**

Докторант далалық тәжірбиелерді өз қолымен атқарды, көп жылдық дақыл болуына байланысты, әр жылы 1-3 орымнан алып сортүлгілер әр кезең бойынша толықтай зерттеуден өтті. Ғылыми кеңесшілердің тапсырмасын дер кезінде орындап, қажетті материалдарды толықтай жинақтады. Зерттеу көлеміде аз есмес – 134 сортүлгі және оларды селекцияда пайдаланып жүрген белгілері бойынша талдады. Ізденуші 8 мақала жариялады, оның ішінде 2 мақала WOS/Scopus дерекқорында, 2 мақала ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында, 4 мақала халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында жарияланды.

**Докторанттың жеке зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі;**

Докторант Кенебаев А.Т. зерттеу жұмыстарын орындауда аса мұқияттылық танытты. Сонымен қатар ізденуші ретінде де жалықпай, жұмыс атқаруға дайындығын көрсетті. Селекциялық процесспен таныс және оның сызбасын толық меңгерді. Тәжірбиесі мол.

**Қорытынды.**

Докторант Кенебаев А.Т. алға қойған мақсатына толықтай қол жеткізді. Селекциялық жұмыстың алғашқы кезеңі болып табылатын ғылыми зерттеулерді, яғни селекцияға қажетті үлгілерді бөліп алу мәселесін толықтай орындады.

Менің пікірімше, ізденуші Кенебаев А.Т. философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Диссертациялық жұмысы көрсетілген талаптарға сай орындалған.

Ғылыми кеңесші,  
а.ш.ғ.д., профессор,  
ҚР ҰҒА академигі



Ғ.Т. Мейірман

